

Ғалымдарды құттықтады

14 сәуір күні Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде ғылым айлығына орай ұйымдастырылған салтанатты шарага облыс әкімі Нариман Төреғалиев қатысты.

О білс басшысы өз сезінде университет басшылығы мен профессор-оқытушылар құрамын ғылым қызыметкерлері күнімен құттықтап, білім ордасының ғылыми әлеуеті жоғары екенін атап өтті. – Елдің дамуында ғылымның алар орны ерекше. Соңғы жылдары республикамыздағы ғылым саласында айтартықтай өзгерістер орын алды. «Ғылым туралы» заң қабылданып, ғылымды басқарудың жаңа үлгісі мен қаржыландырудың жаңа тетіктегі жұмыс істей бастады. Нәтижесінде 2021-2023 жылдары республикалық бюджеттен ғылымды қаржыландыру еki есеге жуық есті, – деген Нариман Төреғалиұлы өз баяндамасында білім-ғылым саласын қолдау бағытында өнірімізде жасалып жатқан жұмыстарга тоқталды.



Салтанатты шарада Жәңгір хан университетінің отандық ғылымның дамуына сүбелі үлес қосып жүрген ғалымдары – ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Мәлік Шәлменов, PhD докторы, доцент Ербол Ербаев, аға оқытушы, PhD докторы Бекбол Сариев, PhD докторы, доцент Салтанат Есенғалиева, аға оқытушы, магистр Талап Шадъяров облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Өңір басшысы сапар барысында университет фойесіне қойылған ғылым көрмесін

тамашалап, университеттің ғылыми жаңалықтарымен, жүзеге асырылып жатқан ғылыми жобалармен танысты. Бірқатар ғылыми жобаларға назар аударып, өнірдің әлем-уметтік-экономикалық дамуы үшін маңызды екенін атап өтті. Сонымен қатар, оқу орнының «Жастар бастамасын дамыту» орталығында, «Сұнқар» спорт кешенінде, мәдениет және өнер студиясында болды.

Ләzzат ҚАЖЫМОВА,
БҚАТУ медиа орталығының
директоры